



ҚАДЫРДЫ ТАНУ – ҚАЗАҚТЫ ТАНУ

Қазақстан Жазушылар Одағында тұсаукесерін жасап, ресми құжатын қолға алғалы бері он жыл ішінде Қадыр Мырза Әлі қоғамдық қоры ұлт руханияты үшін қыруар жұмыс істеді.

Әсіресе «рухани биік кісі – ұлтының ұйытқысы» деп Қадыр ағаның өзі айтқандай, осы қорды құру идеясының авторы, белгілі кәсіпкер, «КАТЭК» компаниясының бас директоры Құндыз Нуповтың, қор директоры, белгілі компози-

тор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Донедел Қажымовтың, көрнекті қаламгер, қордың қамқоршылар кеңесінің төрағасы, Жазушылар Одағы басқарма төрағасының орынбасары Мереке Құлкеновтың қор жұмысын

алға апаруда атқарған еңбегі зор екендігін атай кеткен орынды.

Қордың алға қойған мақсаты ақынның шығармашылығын ғылыми тұрғыда зерделеу, жүйелеу, іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізу. Өзі құрылған он жыл ішінде қор бұл бағытта айтарлықтай жұмыстар атқарды десе болады. Сонымен қатар қордың ізгі бағыттағы бір міндеті ақын шығармашылығымен ғана шектелмей, шығармашылық көмекке мұқтаж адамдарға қолдау көрсету, жалпы ұлт руханияты үшін елеулі еңбегі бар азаматтарды да елеп, ескеріп отыру екенін де айта кеткен абзал. Мәселен осы қордың қолдауымен «Тұлғатану» сериясы аясында менің «Қазақтың Қадыры» атты кітабым жарық көріп, тұсаукесері жоғары деңгейде өтті. Сонымен қатар Қадыр аға атындағы төсбелгіні алғашқылардың бірі болып алғанымды мақтаныш етемін. Қордың сан қырлы жұмысының бірі – ақын өлеңдерін оқушыларды қомақты қаржылай қолдап отыру. Тіпті ақынның өлеңдерін түгелге жуық жатқа айтатындар да бар. Бұл ақын шығармашылығының өз тұғырына мәңгілікке берік орныққанының белгісі болса керек.

Сөз жоқ, Қадырды тану – қазақты тану. Ол әдебиеттің бар жанрында өлшеусіз тер төккен тұлға. Жеті мыңнан астам кітап оқыған ол үлкен оқымысты, эрудит, ұлт әдебиетін интеллектуалдық тұрғыдан байытқан шалқар білім иесі де болды. Демек, Қадыр Мырза Әлі қай кезде де терең зерттеуді қажет ететін, әр қырынан ашыла беретін дара дарын. Бүгінде өзінің он жылдық белесіне абыроймен көтерілген аталмыш қордың осынау қасиетті ісіне алдағы уақытта да жалғасын тауып, табыс биігінен көріне беруіне шын тілектестігімді білдіремін.

Қали СӘРСЕНБАЙ,

«Ана тілі» газетінің бас редакторы,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.